

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 7 маусымдағы № 344 қаулысы.

1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 193-1-бабына, "Ұлттық әл-ауқат қоры туралы" 2012 жылғы 1 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 2-тармағының 8) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы оған "ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг" акционерлік қоғамын қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. "ҚазМұнайГаз – қайта өңдеу және маркетинг" акционерлік қоғамына "Trade house KazMunaiGaz N. V." акциялар пакетінің 100 %-ын, "Valsera Holdings B.V." акциялар пакетінің 50 %-ын, "PetroKazakhstan Oil Products" ЖШС қатысу үлесінің 49,7 %-ын, "Атырау мұнай өңдеу зауыты" ЖШС қатысу үлесінің 99,53619433 %-ын "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының пайдасына иеліктен шығаруға рұқсат берілсін.

3. "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қажетті іс-шараларды орындасын және осы қаулының 1-тармағынан туындайтын шараларды қабылдасын.

4. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер және толықтыру енгізілсін:

1) "Экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 шілдедегі № 810 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 28, 377-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген экономиканың стратегиялық маңызы бар салаларының өздеріне қатысты меншіктің мемлекеттік мониторингі жүзеге асырылатын объектілерінің тізбесінде:

реттік нөмірі 23-жол алып тасталсын;

2) "Ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің және мемлекетпен аффилирленбеген заңды тұлғалардың, сондай-ақ жеке тұлғалардың меншігінде тұрған стратегиялық

объектілердің тізбелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 маусымдағы № 651 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 31, 330-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген ұлттық холдингтердің және (немесе) ұлттық компаниялардың не олардың аффилиирленген тұлғаларының, сондай-ақ мемлекет қатысатын өзге де заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына берілген және (немесе) олардың меншігінде тұрған стратегиялық объектілердің тізбесінде:

"Меншігінде стратегиялық объектілер бар заңды тұлғалар акцияларының пакеттері (қатысу үлестері, пайлары)" деген бөлімде:

реттік нөмірі 32-жол алып тасталсын;

реттік нөмірі 44-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

44.	"Атырау мұнай өндеу зауыты" ЖШС қатысу үлесінің 99,53619433 %
-----	---------------------------------------------------------------

";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 77-жолмен толықтырылсын:

"

77.	"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" АҚ акциялары пакетінің (90 %-ы минус 1 жай акция)
-----	------------------------------------------------------------------------------------

".

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев